

ҚҰШАҚ ЖЕТПЕЙТІН ҚҰБЫРЛАР

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



БАЛА ӨЛКЕНІ ҚАЛАЙ ТАНЫП, БІЛЕДІ?

6-БЕТ | САРАПТАМА



АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ...

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Өз елінің қара тасын мақтан ете алмаған, өзге жердің алтынын да мақтап жарытпас.

Қаныш СӘТБАЕВ

№100
(4844)
Сейсенбі
26 тамыз
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЖАСТАРҒА ЖҰМЫС ТАБЫЛАДЫ

Астанада бос жұмыс орындары жәрмеңкесін ұйымдастыру тұрақты дәстүрге айналған. Мемлекет басшысы бастамасымен жарияланған «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында бұл жұмыс тіптен жандана түсті. Өткен жұмада ұйымдастырылған «Жастарға жұмыс» жәрмеңкесінде елорда жастарына 1000-нан аса бос жұмыс орны ұсынылды.


ӘКІМДІК ГРАНТ БӨЛДІ


Астана қаласы әкімдігінің қаулысымен 2025-2029 оқу жылдарына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілді.

Педагогикалық мамандықтар бойынша 526 грант бөлінді. Оның ішінде жоғары оқу орындарына педагогикалық бағыттарда (педагогика және психология, математика, информатика, орыс тілі мен әдебиеті, физика, арнайы педагогика, психология) 265 грант орналастырылды.

ҰБТ-дан өтіп, «Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша кемінде 75 балл жинаған талапкерлер педагогикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік білім беру грантына үміткер бола алды. Астана қаласы Білім басқармасының мемлекеттік білім беру грантына құжаттарды қабылдау 7-17 тамыз аралығында жоғары оқу орындары арқылы жүргізілді.

Нәтижелер Астана әкімдігінің және қалалық Білім басқармасының сайттарында жарияланды.






ТАРИХИ ОТАНЫМЕН ТАБЫСТЫ

Жыл басынан бері 8 051 этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. Жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 156,1 мың этникалық қазақ оралды, деп хабарлады Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Жыл басынан Қазақстанға келген қандастардың 44,2 пайызы – Өзбекстаннан, 43,2 пайызы – Қытайдан, 5 пайызы – Түрікменстаннан, 2,7 пайызы – Монғолиядан, 2,4 пайызы – Ресейден және 2,5 пайызы басқа елдерден қоныс аударған. Осы жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны 59,1 пайызды, еңбекке қабілетті жастан кіші 31,8 пайызды және зейнеткерлер 9,1 пайызды құрайды. Қоныс аударған этникалық қазақтар республиканың түрлі өңірлеріне қоныстанды.



ӘСКЕРГЕ SMS-ПЕН ШАҚЫРАДЫ


«Әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы мамырдағы қаулысына өзгерістер енгізуге қатысты тиісті құжаттың жобасы жарияланды.

Құжат жобасы бойынша енді SMS арқылы әскерге шақыру хабарламасы ресми шақырту болып табылады.

«Жоба әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін нақтылауға, әскерге шақыруды кейінге қалдыруды мемлекеттік қызмет көрсету арқылы іске асыруға, әскери қызметке жататын азаматтардың телефон нөмірлеріне SMS-хабарламаны хабарландырудың тиісті түрі деп танытуға бағытталған» делінген Ашық НҚА порталында жарияланған құжатта.

Құжат жобасы биылғы 9 қыркүйекке дейін қоғамдық талқылауда болады.

№100 (4844) 26/08/2025 Сейсенбі



СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК КЕЛЕШЕГІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жапонияның Сыртқы істер министрі Такеши Иваяны қабылдады.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен министр Такеши Ивая сауда-экономикалық, инвестициялық, көлік-транзит және мәдени-гуманитарлық салалардағы қазақ-жапон кеңейтілген стратегиялық серіктестігінің қазіргі жай-күйі мен даму перспективасын талқылады. Сондай-ақ халықаралық құрылымдар аясындағы ықпалдастық жөнінде пікір алмасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жапония сыртқы саясат ведомствосының басшысына ілтипат білдіре отырып, оның Астанаға сапары екі ел арасындағы қарым-қатынасты арттыруға тың серпін беретінін атап өтті. «Жапония – Азиядағы сенімді әрі жақын серіктесіміз. Біз Токиомен жан-жақты ынтымақтастықты нығайтуға ерекше мән береміз. Премьер-министр Ишибаға ыстық ықыласымды жеткізуді сұраймын. Премьер-министр Шигеру Ишиба Қазақстанға ресми сапармен келмекші. Біз оның сапарын асыға күтіп, дайындалудамыз. Өзара қарым-қатынасымыз жоғары қарқынмен дамып келе жатыр деп сеніммен айтуға болады» деді Президент.

Өз кезегінде Такеши Ивая қонақжайлық танытқаны үшін Қазақстан Президентіне ризашылығын білдірді. «Сіздің сәлеміңізді Премьер-министрімізге міндетті түрде жеткіземіз. Қазақстан мен Жапония – халықаралық тәртіпті күшейтуге мүдделі стратегиялық серіктестер. Менің бұл сапарым екі ел арасындағы байланысты одан әрі дамытуға жол ашады деп ойлаймын» деді Жапония Сыртқы істер министрі.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Такеши Ивая халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде әңгімелесті.

ПРЕЗИДЕНТТЕР ПІКІР АЛМАСТЫ

Француз тарапының бастамасымен Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Франция Президенті Эммануэль Макронмен телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекеттер басшылары екіжақты қарым-қатынастың қарқынды өрбіп келе жатқанын атап өтіп, сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін бірлесе жұмыс істеуге уағдаласты. Сондай-ақ президенттер Біріккен Ұлттар Ұйымының 80 жылдығы қарсаңында халықаралық күн тәртібі жөнінде пікір алмасты.

АСҚАЗАН АУРУЛАРЫ КӨБЕЙДІ

Денсаулық сақтау министрлігі жыл сайынғы медициналық тексерулердің қорытындысын жариялады. Соның нәтижесінде оқушылар арасында асқазан аурулары көбейіп кеткені анықталды.

Мектеп жасындағы барлық балалар құзырлы министрліктің 2020 жылғы бұйрығына сәйкес профилактикалық медициналық тексерулерден өтеді. Мәселен, Салидат Қайырбекова атындағы денсаулық сақтауды дамытудың ұлттық ғылыми орталығының жедел ақпаратына сәйкес, былтыр 5,5 млн бала осындай профилактикалық медициналық тексерулерден өткен. Бұл жылдық жоспардың 92,1 пайызы екен. Оның нәтижесінде, ең көп кездескені – ас қорыту жүйесіндегі аурулар, одан кейінгі орында қан-тамыралры жүйесінің аурулары болса, үшінші орында тыныс алу жүйесіндегі аурулар тұр. Ал осы жылдың бірінші жарты жылдығының қорытындысы бойынша жылдық жоспардағы балалардың 52 пайызы тексерілген.

СЕНІМ НЫҒАЙДЫ


Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевті қабылдады. Мемлекет басшысына биылғы жеті айдағы сот жүйесі қызметінің қорытындылары жөнінде баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа азаматтық істер бойынша дауларды шешудің баламалы әдістерін қолдану 24 пайызға, яғни, 61 мыңнан 76 мыңға дейін өскені айтылды. Олардың қатарында медиация, бітімге келу мен татуластыру рәсімдері бар.

Асламбек Мерғалиевтің айтуынша, азаматтардың мемлекеттік органдармен арадағы даулар бойынша құқығын қорғау шеңберінде әкімшілік органдар мен лауазымды тұлғалардың 2,6 мың актісі (57 пайыз) заңсыз деп танылды.

Сондай-ақ Президентке қылмыстық іс жүргізуде конституциялық құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз ету шаралары туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, тергеу соттарының қамауға алуды санкциялаудан бас тарту үлесі 23 пайыздан 37 пайызға өсті. Ақталған азаматтардың саны (жеке айыптау істерін қоспағанда) 59-дан 88-ге жетті.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, биылғы 1 шілдеден бастап дербес кассациялық сот жұмыс істей бастады. Алғашқы айдың өзінде аталған мекемеге 5 мыңға жуық арыз-шағым түскен. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың сот жүйесіне сенімін нығайту және сот төрелігінің сапасын арттыру жұмыстарын жалғастырудың маңызды екенін атап өтті.



ЖЕДЕЛХАТ ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Украина Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Зеленскийді Украинаның ұлттық мерекесі – Тәуелсіздік күнімен құттықтап, украин халқына бейбітшілік және құт-береке тіледі.

50 ПАЙЫЗЫ – ОТАНДЫҚ ТАУАРЛАР

Үкімет Президент Жолдауында айтылған тапсырмаларға сәйкес, ішкі нарықты қорғау және отандық өндірушілерді қолдау бағытындағы іс-шараларын күшейтуде.

2025 жылдың мамыр айында тауарлардың шығарылған елін айқындау мәселелері бойынша заңнамаға өзгерістер енгізілді. Отандық тауар өндірушілердің бірыңғай тізілімі жасалуда бұл компанияларға мемлекеттік қолдау іс-шараларына, сондай-ақ мемлекеттік және квазимемлекеттік сатып алуларға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Дүкен сөрелеріндегі отандық тауарлар үлесін арттыру мақсатында отандық өндірушілер өнімдері үшін кемінде 50% сөрелік кеңістікті көздейтін бағдарлама іске қосылды. Сонымен қатар сапасыз әрі қауіпті өнімдердің нарыққа енуіне шектеу қою бағытында белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр. «Барлық бақылаушы органдардың қатысуымен Ахуалдық штаб тиімді жұмыс атқаруда. 47 мыңнан астам көлік тексерілді, тауарлық салмақта бұл 600 мың тоннадан астам мал шаруашылығы өнімдері. Оның ішінде 900-ден астам автокөлік кері қайтарылды, 1 мыңнан астам сәйкестікті растау құжаттарының күші жойылды» деп мәлімдеді Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев.



ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

«Әлемдегі ең мейірімді судья» атанған Фрэнк Каприо 88 жасында қайтыс болды.

Каприоның Facebook-тегі ресми парақшасында оның «ұйқы безінің қатерлі ісігімен ұзақ және батыл күресінен» кейін өмірден өткені туралы хабарлама жарияланған. Қызмет кезінде Каприо жанашыр әрі қатаң үкім шығармайтын сот төрешісі ретінде есте қалды. Каприо өзінің сот залын «адамдар мен істерге мейірімділік пен жанашырлықпен қарайтын орын» деп атады.



Ресейлік альпинист Наталья Наговицына бір апта бойы тауда жалғыз жатыр. Аяғын сындырып алған.

Натальяның шыңға шығам деп кетіп, оралмағаны жайлы сіңлісі Юлия Лыкова дабыл қаққан. Артынша Қырғызстан Қорғаныс министрлігі дрон арқылы оның 7200 метр биікке тіккен шатыр ішінде тірі жатқанын анықтады. Алайда қолайсыз күн райынан бір аптадан бері тікұшақтың көтерілуіне мүмкіндік жоқ. «Победа» шыңы Қырғызстан мен Қытай шекарасындағы Какшаал-Тоо жотасында орналасқан. Биіктігі – 7439 метр.



Украина президенті Владимир Зеленский қақтығыс аяқталып, қауіпсіздік қамтамасыз етілсе, сайлау өткізуге дайын екенін мәлімдеді.

Ақ үйдегі кездесуде ол соғыс жағдайында сайлау өткізу мүмкін емес екенін айтты. Украинада әскери жағдайға байланысты саяси науқан тоқтап тұр. Ал Дональд Трамп бейбітшілікке бағытталған кез келген келісімде Вашингтон Киевтің қауіпсіздігіне кепіл болуға дайын екенін білдірді.

№100 (4844) 26/08/2025 Сейсенбі

КӘРІЗ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ



Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек салынып жатқан кәріз тазарту нысандарын аралап, құрылыс жұмыстарының барысымен танысты. Сондай-ақ қала әкімі құрылыстың қашан аяқталатынын да айтты.

«Қазіргі уақытта шаруашылық-тұрмыстық ағынды су тәулігіне 254 мың м³ қуаттылығы бар кәріз тазарту құрылысында (№1 КТҚ) тазартылады. Бас жоспарға сәйкес, 2035 жылға қарай қала тұрғындарының саны шамамен 2 млн 275 мың адамға жетеді. Бұл шаруашылық-тұрмыстық ағынды судың едәуір артуына және қосымша тазарту құрылыстарын салу қажеттігіне алып келеді. Осыны ескере отырып, қалада жаңа кәріз тазарту құрылысын (№2 КТҚ), оған қоса кірме және шығару коллекторларын салу басталды. №2 КТҚ-ның қуаттылығы тәулігіне 188 мың м³ құрайды. Қала үшін маңызды бұл нысанды 2028 жылы аяқтау жоспарланып отыр» деді Жеңіс Қасымбек.

«ЖАСТАРҒА ЖҰМЫС» ҰСЫНДЫ

Астанада Amanat партиясының «Жастар рухы» Жастар қанаты «Жастарға жұмыс» бос жұмыс орындары жәрмеңкесін ұйымдастырды. Іс-шара Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында қала әкімдігінің қолдауымен өтті.



Райхан РАХМЕТОВА

Жәрмеңкеге 3000-ға жуық адам келді. 70-тен астам кәсіпорын, соның ішінде ұлттық компаниялар да өз вакансияларын, яғни 1000-нан астам бос жұмыс орындарын ұсынды. Қатысушылар қатарында «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Қазахтелеком» АҚ, «DAR RAIL» ЖШС, «Home Credit Bank» АҚ, «Integra Construction KZ» ЖШС, «Қазмедиа орталығы» АҚ, «Богатырь Көмір» ЖШС, «Қазпошта» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Astana Hub сияқты ірі компаниялар болды. Іс-шара «Бір терезе» қағидаты бойынша өтті. Қатысушылар жұмыс табумен қатар мемлекеттік бағдарламалар бойынша да кеңес алды. Атап айтқанда, «Жастар практикасы», «Бірінші жұмыс орны», ипотекалық несиелер, сондай-ақ NEET санатындағы жастарға арналған JOLTAP жобасы туралы ақпараттар берілді.

– Жәрмеңкеге мектеп түлектерін де шақырдық. Себебі олар осы арқылы болашақ мамандығын таңдауда бағыт-бағдар алып, мамандығын дұрыс таңдау мүмкіндігіне ие болады. Жұмыс берушілермен танысып, қай жерде қандай жұмыс бар екенін біледі. Жұмыс тәжірибесі жоқ, оқуын енді бітірген мамандарға да мемлекет тарапынан қолдау үлкен. «Жастар практикасы» бағдарламасы арқылы оларға жұмыс беруші тарапынан емес, мемлекет тарапынан жалақы төленеді. Жалпы осы жылы біз осындай 6 үлкен жәрмеңке өткіздік. Соның нәтижесінде елордада 500-ге жуық адам жұмысқа орналасты, – дейді «Еңбек мобильділігі» орталығының директоры Олжас Омар.

Сонымен бірге іс-шара барысында өңірлерге қоныс аудару және тұрғын үй мәселелері де қаралды. Павлодар және Ұлытау облыстарына көшуге ниет білдірген азаматтар үшін арнайы консультациялар ұйымдастырылып, жұмысқа орналасу, әлеуметтік қолдау және тұрмыс жағдайлары туралы толық ақпарат берілді. «Отбасы банк» өкілдері жұмысшы жастарға арналған «Наурыз жұмыскер» бағдарламасы бойынша тұрғын үй алу мүмкіндіктерін таныстырды.


Соңғы екі жылда Қазақстанда «Жастарға жұмыс» жобасы аясында 1,5 мыңнан астам іс-шара өткізіліп, 150 мыңға жуық жас қамтылды. 200-ге жуық жәрмеңке ұйымдастырылып, нәтижесінде 55 мыңнан астам жас тұрақты жұмысқа орналасты. Мобильді топтар шалғай ауылдарға барып, 150-ден астам елді мекенде 55 мың адамға кеңес берді. Жоба ел Президентінің 2029 жылға дейін кемінде 2,3 млн жасты жұмыспен қамту жөніндегі стратегиялық мақсатына сәйкес жүзеге асырылуда. Мұндай жәрмеңкелер соңғы үш жылда еліміздің 20 аймағында дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Осы уақыт ішінде елімізде 30 мыңнан астам жас тұрақты жұмысқа орналасты.

– Жәрмеңкеде біз бүкіл Қазақстан бойынша 500-ге тарта бос жұмыс орындарын ұсындық. ҚТЖ-да рекрутингтің автоматтандырылған жүйесі – Job.railways.kz платформасы жұмыс істейді. Үміткерлер осы платформаға түйіндеме қалдыра алады. Бұл барлық азаматтарға теңдей мүмкіндіктер береді. ҚТЖ өндірістік компания болғандықтан, жұмысшы персоналға үнемі сұраныс болады. Атап айтқанда, жол монтерлері, жолсеріктер, машинистер секілді мамандықтарға бос жұмыс орындары жиі кездеседі. Бұлар – теміржолдағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуші негізгі мамандықтар. Жүйе автоматтандырылған болғандықтан қазір жәрмеңке Астанада өтіп жатса да, келушілер үшін еліміздің кез келген өңірінен бос жұмыс орындарын қарап бере аламыз, – дейді «ҚТЖ» ҰК» АҚ рекрутинг блогының басшысы Айдана Жайжумова.

Жәрмеңке жастар мен бизнес арасындағы тікелей диалог алаңына айналып, жас мамандарға нақты экономика секторында өз әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Газа секторында аштықтан қаза тапқандардың саны 271-ге жетті. Құрбандардың арасында 112 бала бар.

Кейінгі тәулікте ауруханаларда аштық салдарынан екі өлім тіркелген. Бұл туралы Газа секторының баспасөз қызметі мәлімдеген. Министрліктің дерегінше, жалпы 2 036 адам аштықтан зардап шегіп, медициналық көмекке жүгінген. Ал анклавтағы әскери қақтығыстар басталған 2023 жылдың қазан айынан бері 62 мыңнан астам адам қаза тауып, 156 мыңнан астамы жараланған.



Солтүстік Корея Қытай шекарасына жақын жерге өзінің ең озық стратегиялық қарулары орналасқан құпия зымыран базасын салған.

АҚШ стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығының мәліметінше, Пхеньян-Пукто провинциясындағы Синпунг базасында, яғни Қытай шекарасынан 27 шақырым қашықтықта ядролық қаруды тасымалдауға қабілетті алтыдан тоғызға дейін континентаралық баллистикалық зымыран мен олардың жылжымалы ұшыру қондырғыларымен жабдықталған әскери бөлім болуы мүмкін деген болжам бар.

Астанадағы Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайында тұңғыш рет боччадан Astana 2025 World Boccia Challenger халықаралық жарысы өтіп жатыр. Халықаралық бочча федерациясының (BISFed) қолдауымен ұйымдастырылған жарыстың ашылуына Парламент Сенатының төрағасы, Қазақстан Бочча федерациясының президенті Мәулен Әшімбаев, Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов қатысты.

БОЧЧА ЖАРЫСЫ БАСТАЛДЫ



Мәулен Әшімбаев жарысқа қатысушыларға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде инклюзивті қоғам қалыптастыруға үлкен көңіл бөліп отырғанына және бұл бағыттың негізгі басымдықтарына назар аударды.

Сондай-ақ федерация президенті Қазақстанда алғаш рет өткізіліп отырған ірі халықаралық жарыстың маңызына тоқталып, турнирге Корея, Сингапур, Үндістан, Италия, Иран, Өзбекстан, Сауд Арабиясы, Моңғолия, Кипр, Біріккен Араб Әмірліктері және басқа да елдерден келген 56 үздік спортшы қатысып жатқанын айтты. Турнирде әлемнің 12 елінен келген спортшылар бақ сынап жатыр. Жарыстағы көрсеткіштеріне байланысты оларға 2028 жылы Лос-Анджелесте өтетін Паралимпиадаға қатысу үшін рейтингтік ұпайлар беріледі.

Бағдарламада – жекелей, жұптық және командалық сайыстар бар. Елорда атынан Қазақстан намысын Итиана Керимовна және Ерхат Алматұлы қорғап жатыр. Олар жекелей және командалық бәсекелерде өнер көрсетеді. Жарыс 28 тамыз күні аяқталады.

ЖАҢА ГҮЛЗАР АШЫЛДЫ

Қазақстан Республикасының Конституциясының 30 жылдығы қарсаңында елорданың Алматы ауданында жаңа сквер ашылды.

Жаңа сквер Ғ.Мүсірепов көшесі, 4 мекенжайында орналасқан. Ол бұрын гараждар тұрған аумақта абаттандырылды. Қоғамдық кеңістіктің салтанатты ашылу рәсіміне Алматы ауданының әкімі Рүстем Тәуекелов, қалалық мәслихат депутаты Азамат Өмірзақов және аудан тұрғындары қатысты. Балаларға арналған мерекелік ойын-сауық пен тәттілер ұйымдастырылды.

Жаңа гүлзарда шағын сәулет нысандары, балаларға арналған ойын алаңдары, көлеңкелі бастырмасы бар орындықтар мен қоқыс жәшіктері орнатылды, спорт және workout-алаңқайлары, автотұрақ аймақтары жасақталды, гүлзарлар мен жабындар жаңартылды.

Бұл орын кез келген жастағы тұрғындар үшін тағы бір демалыс орнына айналып, белсенді әрі салауатты өмір салтына жағдай жасайды.



Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары!

«Столичная дезинфекция» ЖШС Астана қаласындағы ірі, таяз, уақытша су айдындары мен ашық станцияларда 6-турдың шыбын-шіркейлерді жою жұмыстары басталатыны туралы хабарлайды. тел.: +7 707 300 5030».

№100 (4844) 26/08/2025 Сейсенбі

ҚҰШАҚ ЖЕТПЕЙТІН ҚҰБЫРЛАР

Біріншісінің көлемі қолдың бас бармақ саусағындай. Одан соң біртіндеп үлкейе береді. Жуандығы білектей, тіпті одан да үлкенін кезіктіресіз. Ең ақырғысына сіз бен біздің құшағымыз жетпес. Сондай жуандықтағы дүниені қажетінше шығарып отырғанына қарағанда мұнда сұраныс та аз емес-ау деген ойға келдік.

Астана қаласы маңындағы №1 Индустриялық парктен көргеніміз бұл. Аумағы 9 гектарға жуық жерді алып жатқан, өндіріс пен тұрғын үй құрылысына қажетті құбырлар шығарумен айналысатын «Polytech Astana» ЖШС зауытына бас сұқтық. Отандық өндірісті дамытуға күш салған серіктестік иелері әзірге өз тауарларын Қазақстан көлемінде таратып отыр.





Ержан ҚОЖАС

Иә, диаметрі 16-дан басталып, ең соңғысы 1200 диаметрден аяқталатын құбыр өндірісінің негізі 2004 жылы қаланған. 2013 жылдан бері №1 Индустриялық парктен жер бөлініп, толық негізде түрлі өлшемдегі құбыр шығаруды қолға алған. Жалпы құны 4,15 млрд теңге инвестиция салынған өндіріс ошағының өзіндік ерекшелігі көп. Кәсіпорынның бас директорының бірінші орынбасары Нұржан Узбаев цех ішін аралай жүріп, өзіміздің шығып жатқан өнім жайын бізге түсіндіріп берген еді.

«Басты өніміміз – су құбырлары, сондай газ желілерін жүргізуге, электр желілерінің сыртын қаптауға арналған құбырлар. Қосымша күкірт қышқылына төтеп беретін, қысымға шыдамды, әсіресе «ҚазАтомПром» сияқты кәсіпорындар пайдаланатын құбырлар да бар. Жалпы әр құбырдың өз ерекшелігі, атқаратын қызметі, қай нәрсеге жарамды немесе жарамсыздығы туралы мәлімет болады. Тапсырыс берушілер де өзіне қажетті құбырдың қандай нәрсеге керектігін айтады. Сол бойынша өнім дайындаймыз. Ал негізгі шикізат – полиэтилен. Бұл химиялық зат біздің елден шықпайды. Біз оны Қытай, Ресей, Өзбекстан немесе Иранан алдырамыз. Ал зауыттың жылдық қуаты – 15 мың тонна құбыр» дейді Нұржан Шамшидинұлы.

Оның сөзінше, шикізат өзіміздің шықса, өнім бағасында да көп өзгеріс болады. Өзгеріс болғанда да, баға төмендейді. Өйткені барлық керекті шикізат өзімізден табылып тұрса, құбыр бағасы да қымбаттаудан аулақ тұратыны белгілі ғой. Ал қазір шикізаты сатып алу сырттан болған соң шығар, өнім бағасында аз-кем өсім жоқ емес. Мұндағы баға өнімнің ұзындығы не көлеміне емес, салмағына қарай қойылады. Мысалы, диаметрі 160мм SDR17 құбырдың бір метрге шаққандағы салмағын есептесек, бұл 3765 теңге екен.

«Рас, дәл қазір біздің өнімге сұраныс жоқ емес, бірақ елдегі үлкен сатып алушы компаниялар мұндай керектісін Қытай немесе Ресейге тапсырыс беріп алдыратыны да өтірік емес. Расын айту керек, елден шығатын өз өніміз сырттан келетін тауардан еш кенде емес. Тіпті артық десек те болады. Ал отандық өнімге деген Үкімет қолдауы тоқтамаса, белгілі бір келісім-шартпен жыл бойына сатып алу мәселесі жолға қойылса, елдегі өнім шығаратын кәсіпорындардың қадамы алға жылжи түседі. Егер отандық кәсіпорын шығарған тауардың осылайша сатып алу процестерін жеңілдетіп, сапасы мен үлесін арттыру сынды жұмыстарын бір жүйеге түсірсе, онда экономикалық көрсеткішіміз де жаман болмасы анық» дейді ол.

> Зауытта Қытай елінен алынған арнайы РЕ160 маркалы құрылғы арқылы диаметрі 16 мм мен 160 мм болатын құбырлар шығады. Ең үлкен диаметрдегі (1000-1200 мм) құбырлар неміс технологиясымен жасалған КМЕ150 маркалы балқыту аппаратында құйылады. Ал орташа көлемдегі құбырлар Финляндиядан келген ЕХ90 және ЕХ120 жабдықтарымен дайындалатынға ұқсайды



Бүгінде кәсіпорын құбырлары арнайы тапсырыспен Астана, Алматы, Қостанай, Ақтау қалалары мен Қызылорда, Түркістан облыстарына жіберіліп жатыр. Айта кету керек, серіктестіктен шығатын диаметрі 16-лық құбырларды электр желілерін қаптауға пайдаланса, ең үлкен 1200 диаметрлі құбырлар – жерасты жылу желілерін жүргізгенге таптырмас өнім. Ал сапасына келсек, бұлардың жарамдылық мерзімі 50 жылға дейін жетеді. Бүгінде көбіне-көп 110 диаметрлік құбырлардан жоғары қарай өлшемдегі құбырларды өзіміздегі құрылыста көбірек қолданылады екен.

Төрт ауысыммен жұмыс істейтін зауытта дәл қазір 100-ден аса адам өз нәпақасын тауып жүр. Көпшілігі техникалық және механикалық мамандықтарды игерген. Сондай-ақ жұмысшыларға арнайы автобус қарастырылған. Бір мезгіл тегін түскі ас беріледі. Ең төменгі айлық – 250 мың теңге көлемінде.

«Құбырдың көлемінен бөлек, ұзындығы да тапсырыс берушінің сұранысына қарай жасалады. Мысалы, қазір жүк тиейтін көлік ұзындығына байланысты 12 не 13 метрден құбыр шығарылып жатыр. Диаметрі 160-тан жоғары болатын құбырлардың ұзындығы да соған сәйкес құйылады. Ал диаметрі одан кіші құбырлардың ұзындығын арнайы орам арқылы бір шақырымға дейін дайындаймыз. Әртүрлі өлшемдегі құбырды ерітіп құятын жабдықтардың барлығы да заманауи технологиялар» дейді Нұржан Узбаев.

Нұржан Шамшидинұлының айтуынша, зауытта Қытай елінен алынған арнайы РЕ160 маркалы құрылғы арқылы диаметрі 16 мм мен 160 мм болатын құбырлар шығады. Ең үлкен диаметрдегі (1000-1200 мм) құбырлар неміс технологиясымен жасалған КМЕ150 маркалы балқыту аппаратында құйылады. Ал орташа көлемдегі құбырлар Финляндиядан келген ЕХ90 және ЕХ120 жабдықтарымен дайындалатынға ұқсайды.

Қоштасар уақытта зауыт басшылығынан екі ұсыныс болғанын айта кетейік.

Біріншісін мақала барысында да айтып кеттік. Ол – отандық өнім дәрежесін көтеру үшін тауарды сату тетіктеріне қолдау көрсету. Яғни, елдегі құрылыс компаниялары мен өндіріс ошақтары өзімізден шыққан өнімді сатып алуға ынта қойса деген тілек.

Ал екіншісі – шикізат жайы. «Құбыр дайындауда ең қажетті – «полиэтилен» дейтін дүние біздің елде дайындалмайды. Дәл осы затты өзімізден шығаруға мүмкіндік жеткілікті. Тек тағы да осы жерде мемлекетіміз жағдай қарастырса дейміз» деп сөзін қорытты Нұржан Шамшидинұлы.

JOLTAP ЖОБАСЫМЕН КӘСІБІН КЕҢЕЙТТІ

Астанада кәсіпкерлікке құлшынысы бар жастар мен бизнес иелері үшін қосымша білімін арттыратын JOLTAP жобасы жүзеге асуда. Тегін курстың басты мақсаты – сұранысқа ие мамандықтар бойынша азаматтарға кәсіп түрлерін үйрету. Айталық, көпшілік арасында сұранысқа ие жоба арқылы елордалық 32 жастағы кәсіпкер Айдар Құрманғазиев жақында «Kaspi дүкеніндегі сауда негіздері» курсын аяқтапты.

Аталған жоба елордалық тәжірибелі кәсіпкерге жаңа серпіліс сыйлаған. Айдар Құрманғазиев 2015 жылдан бері бизнеспен айналысып келе жатыр. Ол JOLTAP туралы әлеуметтік желі арқылы естіпті. Кейіннен ол Астанадағы «Баршаға мүмкіндік» модульдік пунктіне барып, «Kaspi дүкеніндегі сауда негіздері» курсына тіркелген.

«Курсқа тіркелген кезде менің Kaspi дүкенімде тауарларым болды. Мен ол кезде ерлерге арналған аяқ киім сатумен айналыстым. Ал қазіргі кезде оқушыларға арналған мектеп сөмкелері мен ерлердің сақал қырғыштарын сатамын» деді Айдар.

Оның айтуынша, бір аптаға созылған курс оған бұрыннан келе жатқан бизнесін жаңа деңгейге көтеруге көмектескен. Сондай-ақ ол бұрын назар аудармаған ұсақ-түйектердің сатылымға қаншалықты әсер еткенін түсінген.

«Курста бізге осы салада біраз тәжірибесі бар әрі Kaspi дүкені бар оқытушы сабақ берді. Ол теориялық біліммен шектелмей, бизнесті дамыту бойынша құпияларын бөлісті. Өзі де кәсіпкер болғандықтан, теориялық білімін практикада көрсетіп отырды. Kaspi дүкенде тауарларды қалай сататынын айтты. Әр сабақ өте қызықты өтті. Оқытушымыз біздің барлық сауалымызға қысқа әрі нұсқа жауап берді» деп ерекше атап өтті жоба қатысушысы.

Сондай-ақ ол курс барысында сатылымды арттыруға қатысты маңызды пайдалы кеңестер берілгенін айтты.

«Тауарды эстетикалық тұрғыдан безендіру – сапалы фотосурет пен бейнероликтердің маңызы, өнім сипаттамасын қысқа әрі түсінікті жазу, жеткізу мерзімін міндетті түрде көрсету және т.б. дүниелер айтылды. Сондай-ақ сатушының рейтингін жоғары ұстау үшін әсіресе тауарды тез жеткізуге мән беру қажет» дейді ол.

Аталған курс соңында барлық қатысушыларға арнайы сертификаттар табыс етілген.

«Алайда бұл жобамен байланыс тоқтамады. Себебі WhatsApp-та жеке ортақ топ ашылды. Мұнда кәсіпкер-оқытушымен үнемі байланыста боламыз. Кез келген уақытта сұрағымызға жауап ала аламыз. Сондай-ақ оқытушымыз қажетті ақпараттарды бөлісіп отыруды ұмытпайды. Расымен, бұл – өте пайдалы жоба. Көпке тигізер пайдасы мол. Әсіресе өзің іздеп жүрген жастар үшін өте қажет. Оның үстіне сабақ тегін» деп Айдар жобаның ерекше маңыздылығын атап өтті.



Айта кетейік, JOLTAP – жас мамандар мен кәсіпкерлердің дамуына үлкен қолдау көрсететін әлеуметтік жоба. Тегін және сапалы курстар арқылы әр азамат өз ісін табысты жүргізе алады.





Сұлтан СЕЙІТ

ТАЗАЛЫҚШЫ ОТБАСЫНЫҢ ТӘЛІМІ

Ержан ҚОЖАС

А.Байтұрсынов атындағы созыла жатқан көшенің жан-жағы көп зәулім үй. Иә, былтыр ғана құрылған Сарайшық ауданына осы көшемен өте қалсаңыз, қаптаған құрылысқа тап боларыңыз анық. Жаңа вокзал маңайын қоршай салынып жатқан көпқабатты баспананың қарасы қалың. Сенбесеңіз, араға апта аралатып мұнда бір соғыңыз. Сонда байқарсыз. Кеше ғана іргетасы қағылған үйдің әп-сәтте биікке ұмтылғанын... Рас, Астана жылдам өсуде.

...Әудем жерде көше тазалықшылары кетіп барады. Бірі – ер, бірі – әйел адам. Жетегінде – қоқыс жәшігі. Сүйретіп келеді. Табанына мықтап бекітілген шағын қос дөңгелекті жәшік те тротуар үстінде жеңіл сырғиды.

Мен әлі оларды сырттай бақылап тұрмын. Күн де сол уақытта шақырайып тұрған. Ал қос әріптес мұндай ыстықты елең қылмағандай. Тіпті түрлерінде кірбің жоқ. Қайта тура бір ерлі-зайыптылардай қалжыңдай күлісіп, өз жұмыстарын шынайы атқарып жүр. Бәлкім, олар расымен де жай әріптес емес, бір отбасы болар... Жақындай түстім. Тілдеспекке. Айтпақшы, бұл журналистік тіршілік еді.

– Біз расымен ерлі-зайыптымыз, – деді өзін Сәбиқажы деп таныстырған жігіт ағасы. – Өзіміз Монғолия елінен ата жұртқа 1992 жылы келдік. Ал осы «Астана Тазалық» мекемесінде жұмыс істегелі 4 жылдан асты. Өзім осы Сарайшық ауданының шеберімін. Ал келіншегім – жол жұмысшысы. Менде әу баста жұмысшы болып еңбек еттім. Еңбегімнің көрінгені болар, кейін бригадир, одан соң учаске шебері қылып тағайындады. Қарамағымда 21 адам бар. Өзіңіз көргендей, жол бойының тазалығы мойнымызда. Жазда шашылған қоқыс болса, қыста қар мен тайғақтан тротуарларды тазалаймыз. Аялдама маңайы, жол жиектері мен ондағы қоқыс жәшіктерін уақытылы босатып отырамыз. Ең бастысы, қарамағымдағы қызметкерлердің қауіпсіздігіне жауаптымын.

4 бала тәрбиелеп отырған Сәбиқажы Бодаухан мен Маржангүл Тілеубайқызы қала іргесіндегі 250 түтіні бар Бұлақсай ауылында тұрады. Қала ішіндегі жұмысқа өз көлігімен қатынап жүр.

– Таңғы төрттен бастап тіршілікке енеміз. Үйден ас-суымызды ішкен соң қалаға өз көлігімізбен жетіп, сағат жетіден бастап жұмысқа кірісеміз. Жаңа аудан болғандықтан мұнда құрылыс көп. Ал ондай жерде адамдар тарапынан түрлі қалдықтың да мол болатыны анық қой. Осындағы А.Байтұрсынов, Ж.Нәжімеденов, М.Тынышпаев көшелерін тап-түйнақтай етіп ұстау – оңай шаруа емес. Бір жақсысы – біздің компания әр маусымда тиесілі жұмыс киімі мен керекті құрал-жабдықтан тарықтырған емес. Ал жалақы жайы айтсақ, оған да көңіл тоғаяды, – дейді учаске шебері.

Ал Маржангүлдің айтуынша, қала тұрғындары арасында тазалық қызметкерлеріне деген құрмет жыл сайын артып келеді. Қазір қолындағы қоқысты ретсіз әр жерге тастайтын адамдар әлдеқайда азайған. «Оны күнделікті жұмыс барысында байқап жүрміз» дейді ол.

– Кейбір тұрғындардың тазалыққа бейжай қарағаны үшін басқаларды кінәлауға болмас. Бірақ уақыт өткен сайын адамдардың тазалық туралы түсінігі артып келеді. Өз отбасымызда да балаларды қоршаған ортаны құрметтеуді үйретіп, барынша тазалық жөнінде дұрыс ұғым беріп тәрбиеледік. Қазір үлкен ұлымыз әскерде. Оған дейін осы елордадағы жоғары оқу орнын оқи жүріп, жазғы демалысында бізбен бірге жұмыс істеді. Өзі компаниямен уақытша маусымдық келісім-шартқа отырып, еңбегіне қарай жалақысын алды. Бұл жерде ұлымыз еңбек ете отырып, маңдай термен адал нан табуды үйренсе, екіншіден, тазалыққа деген көзқарасы дұрыс жағынан қалыптасты деп ойлаймын, – деп ағынан жарылды тазалықшы келіншек.

Ерлі-зайыптылар ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жұмысшы мамандықтар жылын» жариялағанда қуанғандарын жасырмады.

– Расымен, елдің бәрі құрылыс не басқа да техникалық мамандықтан сырттап кетті емес пе? Мемлекет басшысының бұл идеясы – көптеген елеусіз мамандық иелеріне үлкен демеу болғандай. Қазір газет-журнал, теледидардан бөлек, әлеуметтік желіде де осы жылдың насихаты өзімізге ұнады. Бұрын еш жерде көрінбеген түрлі мамандық иелерін құрмет төріне шығару, олардың еңбегін дәріптеу дұрыс жолға қойылғандай. Енді бұл тоқтап қалмаса екен, – дейді жұмысшы отбасы.

Жалақысы жап-жақсы әрі түрлі мерекеде сыйақысы бар «Астана Тазалық» ЖШС-да істейтін ерлі-зайыптылардың осылайша қала тазалығын сақтап жүр. Әрі онысын мақтаныш та етеді.

«Кейбіреулер айтпақшы, бұл намыстанатындай жұмыс емес. Кімнің көзқарасы қалай, оны да елемейміз. Таза еңбек, адал несібе жолындамыз. Балаларға да осы жолдан таймау керегін үнемі айтамыз. Екіншіден, біз қазақпыз ғой. Осы мақсатта байырғы ата кәсіптен қол үзбей келеміз. Яғни, ауылда мал өсіріп, үйдегі балаларды да жасынан шаруаға бейімдеп жүрміз» дейді Сәбиқажы мен Маржангүл.

ЕҢБЕКПЕН ЕСЕЙГЕН ЖАН

Жұмысшы мамандықтарының мәртебесін ілгерілетіп, рөлін күшейту мақсатында 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» болып жарияланғаны мәлім. Бұл бастама жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын көтеруге, қарапайым еңбек адамына деген құрмет пен қолдауды арттыруға, жастарды еңбекке баулып, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрларды даярлауға бағытталды.



Бүгін қарапайым еңбеккер Серік Бауырбеков туралы аз-кем ой толғамақпын. Қарапайым еңбекпен басталған жол бүгінде оны ұжым сыйлайтын, соңынан ерген жас мамандар үлгі тұтатын білікті маман дәрежесіне жеткізді. Қазір өзі де бір кездері жол бастаған аға буын секілді жастарға білімі мен тәжірибесін аямай бөлісетін, әріптестері арасында сыйлы жан.

«Астана су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны секілді үлкен қаланың күре тамырына айналған кәсіпорында 2005 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан байырғы маман Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Толқынкөл ауылында, қарапайым шаруа отбасында дүниеге келді. Серік Бауырбековтің бұл кәсіпті таңдауына, жұмысшы болып қалыптасуына әкесі Құтжан мен анасы Алтынның өмірлік ұстанымы мен тәрбиесі әсер етіпті. «Әке көрген оқ жонар» деген қазақтың қанатты қағидасының шынайы үлгісіндей болған осы бір отбасылық құндылықтың өнегесіне көп мағына сыйып тұрғандай көрінеді.

«Он жеті жасымнан бастап ауыл шаруашылығында еңбек еттім» дейді елордалық жұмысшы. Егін еккен, шөп шапқан, қысы-жазы маусымдық жұмыстардан қол үзбеген. Дала мектебінде шыңдалған. Одан кейін Отан алдындағы борышын абыроймен өтеп келіп, жүргізуші мамандығын меңгерген.

– Ауылдағы тіршіліктен мән кете бастаған соң, қара шаңырақты қиып, әкемнің батасын алып, қаланы бетке алу маған да оңай шешім болған жоқ. Оқыған мамандығым мен тәжірибемді іске асыру мақсатында «Астана су арнасына» жұмысқа орналастым, – деп бастады ол бізбен әңгімесін.

Сол жылдары «Астана су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының тізгінін Жаңбыршы Есетұлы ұстап отырған-ды. Ұжымдасқан тірліктің ыстығына күйіп, суығына тоңып жүріп еңбек ететін жастарды ол бірден танып қоятын. Серікті де алғаш көрген сәтінен-ақ байыппен сынап, іштей бағасын берген. Өзімен оңаша бір кездескен сәтінде: «Бұл жерде екі-үш жыл ғана істеп, басқа жұмысқа ауысып кетуші болма. Зейнетке шыққаныңша осында еңбек ететін бол. Өзің сияқты азаматтар бізге ауадай қажет» деп сенім артқан болатын.

Бастапқыда К-701 тракторын тізгіндеп, қаладағы мектептердің, ауруханалардың, тұрғын үйлердің сумен толыққанды қамтамасыз етілуіне ат салысты. Астана жыл санап өзгеріп, ауқымы кеңейген сайын «Астана су арнасының» жұмысы да күрделене түсті. Өнегелі жанның еңбегін бағалаған Жаңбыршы Есетұлы алғашқы жылдары жатақханада тұруына көмектессе, кейін екі бөлмелі пәтер кілтін табыстады. Құрмет грамотасымен марапатталып, Құрмет тақтасына ілу арқылы елге сіңірген еңбегі дәріптелді.

Кейін Серік Құтжанұлы экскаваторшы мамандығын игеріп, жер қазу, құбыр орнату, жарамсыз жүйелерді ауыстыру, су тарту жұмыстарын атқаруға кіріседі. Бұл техниканы дұрыс басқара білуден бұрын үлкен жауапкершілік пен дәлдікті талап ететін кәсіп еді. Өйткені жер астындағы құбырға жай ғана темір-терсек деп, салғырт қарай салуға болмайды. Бұл – мыңдаған адамның тіршілік көзі. Көзге көрінбейтін кішкентай ғана қателіктің соңы үлкен шығынға әкеліп соқтыруы мүмкін. Сондықтан да қолы шебер, ісі тиянақты маман жұмысын қашанда жауапкершілікпен атқаруға дағдыланған. Қала орталығы болсын, шеткі ықшам аудандар болсын қай жерде де оның еңбегінің ізі сайрап жатыр. Жер астынан тартылған әр құбырдың тарихы артта қалған белестердің көзге көрінбейтін шежіресі іспетті.

Қарапайым еңбекпен басталған жол бүгінде оны ұжым сыйлайтын, соңынан ерген жас мамандар үлгі тұтатын білікті маман дәрежесіне жеткізді. Қазір өзі де бір кездері жол бастаған аға буын секілді жастарға білімі мен тәжірибесін аямай бөлісетін, әріптестері арасында сыйлы жан. Серік Бауырбековтің жеке отбасы туралы айтатын болсақ, сүйген жары Гүлжан Төлеубайқызы – Астана қаласы Мемлекеттік архивінің қызметкері. Екеуі бүгінде Сабыржан, Айдана, Гүлдана, Аружан және Батыржан есімді бес баланы мейірім шуағына бөлеп, тәрбиелеп отырған өнегелі шаңырақ.

Қарашаш ТОҚСАНБАЙ

№100 (4844) 26/08/2025 Сейсенбі

Индира БЕРЖАНОВА





БАЛА ӨЛКЕНІ ҚАЛАЙ ТАНЫП, БІЛЕДІ?

Елімізде 6,8 миллионнан астам бала бар. Ал бас қалада 526 667 бала тіркелген. Олардың жазғы демалысын тиімді әрі қызықты етіп өткізу аса қажет екені сөзсіз. Әсіресе, жас өрендердің туристік мәдениетін қалыптастыру – оқу-тәрбие үрдісінің маңызды бөлігі. Бұл бағытта балалар туризмі қаншалықты дамып келеді? Оқушыларға биыл рухани өлкетану сапарлары ұйымдастырылды ма?

КЕШЕНДІ ҚАДАМДАР ҚАЖЕТ

Отандық туризм әлеуетін дамытудың негізгі бастауында балалар туризмі тұр. Балалардың ой-өрісін кеңейтіп, мәдени мұрамен, тарихпен және дәстүрмен танысуға мүмкіндік беретін бұл бағыт елімізде жүйелі түрде қолға алынбаған. Себебі, туризмнің бұл бағытын дамытатын арнайы кешенді бағдарлама не мемлекеттік-нормативтік құжат жоқ. Тек жақында ғана Үкімет отырысында елімізде 2029 жылға дейінгі балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытуға арналған жол картасы әзірленгені мәлімделген еді.

Осы тұста балалар туризміне қатысты деректі Оқу-ағарту министрлігінен сұраған едік. Жауапты министрлік мәліметінше, 2024-2025 оқу жылында республика көлемінде туристік-өлкетану ісімен 69 733 оқушы қамтылған. Оның ішінде жас туристер станциялары мен орталықтарына 32 524 бала, мектеп жанындағы туристік-өлкетану үйірмелеріне – 21 766 бала, оқушылар сарайларындағы үйірмелерге 15 443 бала баруда.

– Оқушылардың бойында патриоттық сезім мен азаматтық жауапкершілікті тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 800 мыңнан астам бала «Менің Отаным – Қазақстан», «Атамекен», «Шұғыла», «Жас саяхатшы», «Туған елге – тағзым», «Болашақ» секілді оқушылардың туристік-өлкетану қозғалысы бағдарламалары мен скауттық қозғалыстың шатырлы лагеріне қатысты. Республика бойынша және шетелге 15 мыңға жуық туристік жорықтар, экскурсиялар мен сапарлар ұйымдастырылуда, – делінген жауапта.

Бас қала бойынша айтсақ, елордалық Білім басқармасы берген ақпаратқа сәйкес, биыл 9 мектеп қабырғасында археологиялық лагерь аясында рухани сапарлар өткізіледі деп жоспарланған. Алайда, біз хабарласқан бұл мектептердің тек біреуі ғана оқушыларға қала сыртындағы демалысты ұйымдастырған. Ал Астана бойынша 122 мемлекеттік мектеп барын ескерсек, өзге мектептер де бұл жұмысқа тартылуы керек-ақ.

БІЛІМ ОШАҚТАРЫ БІРДЕЙ АТ САЛЫССА…

Рухани сапар өткізген елордалық Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицейінің музей меңгерушісі Сәуле Жұмабекқызы бала тәрбиесі туған өлкені танумен қатар жүруі қажет екенін айтты.

– Жыл сайын мектебіміз өлкетану сапарларын ұйымдастырып отырады. Басты мақсат – елдің тарихын оқушыларға таныту, археология ғылымымен таныстыру, белгілі бір мамандық таңдауға бағыттау. Бұған дейін Ұлытау, Баянауыл, Маңғыстау, Түркістан өңірлерінде, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында балалармен бірге болдық. Барлық сапар тек ата-аналардың қаржыландыруымен жүргізіледі.

Биыл Абай облысы, Абай ауданы, Тоқтамыс ауылынан 2,6 шақырым жерде Қырықүңгір қорымында археологиялық экспедиция жүргізілді. Осы экспедицияға 10 оқушы қатысты. Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай Жидебайдағы қорық-мұражайына, Қоңырәулие үңгіріне де тоқтадық. Тоқтамыс батырдың ұрпағымен кездесіп, оқушылар ғибратты әңгімелерді тыңдап қайтты. Батырдың ұстаған заттары сақтаулы екен. Тоқтамыс батырдың жорықтарға алып шығып, жауынгерлердің жеңіске деген рухын көтерген Туын көзімізбен көріп, ерекше сезімде болдық.

Оқушылар мұндай сапарлардан кейін әрі қарай бұл тақырыптарға қызығып, зерттеу жұмыстарын жазып, түрлі сайыстарда қорғап жатады. Яғни, балалар мектеп бағдарламасымен ғана шектелмей, еліміздегі әр өңірдің тарихымен танысады, оқулықтардан білгендерін іс жүзінде көреді. Мұндай жоба барлық мектепте болуы тиіс. Қазірде гаджетке тәуелді балалар үшін рухани сапарлар ой-санасын кеңейтеді әрі денесін де шынықтырады, – деді С.Жұмабекқызы.

Спикердің айтуынша, мектеп археологиялық экспедицияларды Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен екіжақты меморандум негізінде бірлесе жүргізеді. Экспедицияға жетекшілік еткен университеттің Тарих факультеті археология және этнология кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ұлан Үмітқалиев 12 жыл уақыт бойы оқушылармен бірге Абай облысы аумағында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп келетінін айтты.

– Университет бастамасымен Абай облысы, Абай ауданы аумағында пәндік, археологиялық-этнографиялық жазғы мектеп жыл да өткізіледі. Биыл оған шетелдерден, Англияның Кембридж университеті, Қытайдың Фудань университеті, Ресейдің Жаңасібір мемлекеттік университетінен бірқатар ғалымдар ат салысып, 150-ге жуық студент пен мектеп оқушысы қатысты. Жазғы мектеп жас буынға Абай ауданы төңірегіндегі археологиялық ескерткіштерді таныстыру, өлкетануға деген қызығушылықты арттыруға бағытталып отыр. Сол өлкедегі Қырықүңгір қорымында қола дәуірінің осыдан 4 мың жыл бұрынғы архитектуралық құрылымда жасалған көне пирамидаларды оқушылар бірге зерттеді. Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай «Абай жолымен» атты тақырыпта кемеңгер ойшылдың туған жері Сырт Қасқабұлақ, ғашығы Тоғжанның бейітін, Мұхтар Әуезовтің сабақ берген мектебінің орнын және Көксерек оқиғасы болған жерлерді тамалашадық. Бұл археологиялық экспедициялардың бастамасы да сол, шетелдік ғалымдардың бізбен бірге жұмыс істеуі. Көне пирамадаларды әлемдік деңгейдегі ескерткіш деп танып, ғалымдар тарапынан сол өлкедегі туризмнің орталығына айналдыруға қатысты ұсыныс-пікірлер айтылды. Еліміздің әр өңірінде мұндай зерттеу жұмыстарын атқарып, әрі бұл іске балаларды тарту қажет деп ойлаймын. Шынында, барлық университетте мұндай сапарлар ұйымдастырыла бермейді. Оқушыларға ел тарихын оқытып қана қоймай, осы бастан-ақ болашақ археолог не тарихшы болуға кәсіптік бағдар беру маңызды, – деді профессор.

ЕЛ КӨРІП, МАМАНДЫҚ ТАҢДАЙДЫ

Мектеп оқушысының болашақ мамандығын өлкетанулық сапарлар барысында таңдауға мүмкіндік алуы да – білім беру үрдісін жетілдіре түседі. Балалардың жаңа қырынан ашылуына да септігі мол. Биыл елімізде бұл бағытта бірегей бағдарлама «Туған елге саяхат» атты лагерь барысында ұйымдастырылып, 400 бала екі ауысымда Астана, Екібастұз, Балқаш, Түркістан және Алматы қалаларын аралады. Аталмыш жобаны «Samruk-Kazyna Trust» қоры мен ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясы бірлесіп жүзеге асырып келеді.

– Лагерь бағдарламасы ел тарихы мен мәдениетімен танысуды мазмұнды кәсіби бағдар беру бөлімдерімен ұштастырады. Қатысушылар елдің негізгі тарихи-мәдени нысандарын тамашалап қана қоймай, түрлі салаларда жұмыс істейтін ірі өндірістік кәсіпорындарды аралап, нақты процесті көзбен көреді. Астанада оқушылар ҚТЖ-ның өндірістік базаларында, Екібастұзда – ГРЭС-те, Алматыда – «Эйр Астана» авиациялық зауытында, ал Балқаш пен Түркістанда – қалалардың туристік және тарихи орындарында болды. Балалар пойыз арқылы саяхаттап, оған полиция жасақтары тартылып, қажетті қауіпсіздікті қамтамасыз етті, – деді «Samruk-Kazyna Trust» қорының бас директоры Альфия Адиева.

Бала тәрбиесі Отанды сүю, туған өлкені тану, ел тарихын білу ұғымдарымен ұштасып отыруы керек. Соның негізі, балалар туризмі тиімді демалыстың тетігіне айналып, жүйелі түрде дамытуды қажет етіп отыр.

АИТВ-ИНФЕКЦИЯСЫН АЛДЫН АЛУ ҮШІН НЕ ІСТЕП, ҚАЙДА БАРУ КЕРЕК?

Қолданылған инемен инъекциядан кейін АИТВ-инфекциясын жұқтыру қаупі әрқашан қорқыныш тудырады. Мысалы, сіз өзіңіз аулада, немесе балалар алаңында жатқан қолданылған шприцтің инесін абайсызда басып кетіп, кездейсоқ шаншып алуыңыз мүмкін. Ешкім де бұдан қорғанылмаған. Мұндай жағдайда қалай әрекет ету керектігін, АИТВ және вирустық гепатиттер сияқты әртүрлі вирустық инфекциялардан өзіңізді және жақындарыңызды қорғау үшін қандай шаралар қабылдау керектігін білгендеріңіз жөн.



Егер қан қалдықтары бар ине ұзақ уақыт ауада болса, онда АИТВ жұқтыру қаупі шамалы, С вирустық гепатитін жұқтыру қаупі де төмен, ал В вирустық гепатитін жұқтыру қаупі мүмкіндігінше жоғары болып қалады, дегенмен ол әрдайым жүзеге асырыла бермейді.

Ашық ортада адамның иммун тапшылығы вирусы ұзақ өмір сүрмейді. Мұндай жағдайларда АИТВ-ны жұқтыру мүмкін бе? Иә, бірақ белгілі бір жағдайларда: вирус тасымалдаушы адам қолданған инеден қысқа уақыт ішінде (бірнеше минуттан бірнеше секундқа дейін) жарақаттанса жұғады. Бұл жағдайда инеде қалған қан адам ағзасының қан жүйесіне тікелей енуі керек. АИТВ жұқтырған адамның қанымен ластанған құралдармен теріні тесу немесе кесу арқылы АИТВ жұқтыру ықтималдығы 0,3-0,5% құрайды.

Медициналық терминологияда мұндай оқиға «төтенше жағдай» деп аталады. Белгісіз инемен инъекциядан кейін әртүрлі ауруларды, соның ішінде АИТВ, гепатит жұқтыру қаупін азайту үшін, денсаулық сақтау қызметкерлеріне арналған АИТВ-инфекциясының алдын алу жағдайында сияқты ұсыныстарды орындау керек.

Инемен жарақат алған жағдайда, тесілген жерді сабынмен және ағынды сумен жуып, бактерицидтік патчпен бекіту керек.

Астана қаласының АИТВ орталығына оқыс оқиғадан кейінгі алғашқы үш тәуліктің (72 сағат) ішінде шұғыл түрде медициналық көмекке жүгінуге үлгеру керек. Шалғайдағы қала/аудан жағдайында аумақтық тіркеу емханасына хабарласыңыз. Ағымдағы жағдайдың маңызды аспектісі – АИТВ-ға антиденелер/антигендерге жедел тест жүргізу, содан кейін ИФТ-да АИТВ-ға антиденелерге қан алу. Әрі қарай, ИФТ-да АИТВ-инфекциясын талдау байланыстан кейін 1 және 3 айдан кейін қайталанады. АИТВ-инфекциясын жұқтыру қаупі жоғары болған жағдайда АИТВ орталығының инфекционисті антиретровирустық препараттарды 28 күн мерзімге қабылдауды тағайындайды. Бұл шұғыл химиопрофилактика адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтыруына жол бермейді.

АИТВ-ға тестілеу қызметін Есенберлин көшесі 5/1 мекенжайында орналасқан АИТВ-ның алдын алу орталығында, достық кеңседе және сенім пунктінде алуға болады. Тел: 8 (7172) 38-07-02; 38-04-64; Брусиловский көшесі, 4, тел: 8 (7172) 42-80-92, тегін, анонимді, құпия түрде және дерматовенеролог, гинеколог мамандардың консультациясын өтуге болады, сонымен қатар ақпаратты біздің сайтымыздан таба аласыз: www.kazaids.kz.

А. ЖАМАНОВА,
Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК дәрігер эпидемиологы

№100 (4844) 26/08/2025 Сейсенбі

Ақыл-ойдың асқар шыңы, шығармашылықтың терең тұңғиығы Абай – адамзат қауымдастығында қазақ барда мәңгі жасайтын ұлы тұлға. Сондықтан оның осыдан ғасыр бұрын жазғандарының қаламнан жаңа шыққандай оқылуы да, айтқандарының құлаққа айқын естілуі мен бүгінгі күніміздің бағдар шамындай қабылдануы да заңдылық. Ұлылардың ерекшеліктері де осында.

ТАПТЫРМАС ТАҒЫЛЫМ

Осындай тұлғаның қайтыс болуына байланысты 1905 жылы «Семипалатинский листок» деген газетте жарияланған «Абай (Ибрагим) Құнанбаев» атты мақаласында кейін Алаштың көсеміне айналған Әлихан Бөкейхан: «Абай, өз өлеңдері көрсеткендей, керемет поэтикалық күшке ие болды және қазақ халқының мақтанышына айналды. Абай сияқты халқының рухани шығармашылығын осылай көтере алған қазақтың ақыны әлі болған жоқ» деп жазған еді. Бұл, меніңше, басылым бетіндегі тұңғыш тамаша баға болатын.

Заманынан озық туғандардың тағдыры түрлі жайларға ұшырап отыратынындай, қоғамды негізінен екі тапқа бөліп және оның арасындағы қарама-қайшылық пен күресті табиғи деп таныған, соны өзінің саяси жүйесінің арқауы еткен кешегі кеңестік жүйенің алғашқы жылдарында Абайдың ұрпақтары да, оның туасы талантты шығармалары да түрлі тағдырды бастан кешірді. Бұл туралы сонау Францияда жүріп Мұстафа Шоқай 1935 жылғы «Яш Түркістан» журналының №5 санында жарық көрген «Ақын Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуына орай» атты мақаласында ұлы Түркістан ақыны Абайға большевиктер марксизм тұрғысынан баға беріп, оны «ұлтшыл», «феодалшы» деп танығанын, оның еңбектерін мектептер мен кітапханалардан шығарып тастағанын, алайда жас қазақ жазушылары мен оқырмандардың арасында Абайдың идеясының жеңе бастағанының дәлелі ретінде оның қайтыс болғанына 30 жыл толуы Алматыда кеңінен атап өтілгені, қалада ескерткіш орнатуға қаулы алынып, педагогикалық институтқа аты берілгені туралы жазған еді.



Абайды тануда заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің ұлы ақынның қалыптасуының рухани үш бұлағы туралы ойлары алтын кілт іспеттес. «Мұның бірінші – қазақ халқының, есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы, ауызша әдебиет қоры... Екінші бір қол артқан қазынасы – араб, парсы, түрік тіліндегі шығыстың көркем классик поэзиясы. Үшінші үлкен өнер, мол азық алған зор саласы – орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Еуропа мәдениеті».

Осылай алдымен өз халқының рухани құндылықтарын бойына сіңірген, әлемдік мәдениеттің қол жеткен озық үлгілерін талғаммен, таңдаумен қабылдаған Абайдың ой-тұжырымдарын шын мәнісінде бүгінгі қазақ қауымының идеалогиялық негіздеріне жатады деуге болады. Мұның бірнеше себептері бар. Біріншіден, біз сан жылдар патшалық Ресейдің отары болып, оның үстіне соның саяси жалғасындай болған, жалғыз Коммунистік партияның билігіне сүйенген кеңестік қыспақтың зәрінен әлі толық ада бола қойған жоқпыз. Екіншіден, осындай себептерден ұлттық рухымыз өз деңгейіне көтерілмей, Абай айтқан ойдың еркіндігі мен сананың тәуелсіздігіне толық жете алмай келеміз. Үшіншіден, Абайдың мәңгілік мол мұрасын Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы ұсынған әділетті һәм жаңа Қазақстан құруда таптырмас тағылым, қажымас қуат ете алмай отырмыз.

Хакім Абай қазақ қоғамы өзінің рухани дамуында түбегейлі өзгерістерді қажет ететінін және мұндай өзгерістердің ең бірінші білім мен ғылымның арқасында ғана жүзеге асатынын жақсы білді, терең түсінді. Сондықтан ұлы тұлға білім арқылы адам өз ақыл ойын, дарын қабілетін, таным түсінігін, рухани өресін, адамгершілік пен имандылық қасиеттерін үнемі, тоқтаусыз жетілдіре, байыта түсуді, оған бойдағы бар күш жігерді мақсатты түрде жұмсау қажет деп санады. Сол себепті «Он сегізінші сөзінде»: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деді.

Рас Абай заманымен салыстырғанда заман басқа, заң басқа дегендей. Сан ғасыр күресе келе халқымыз тәуелсіздікке жетті. Ежелден географиялық көршіміз болып келе жатқан елмен терезесі теңдей қарым-қатынастамыз. Сонан соң халқымыздың бірлігі мен ынтымағы, көп этносты Қазақстанның тұтастығы мемлекетіміздің сара саясаты болып отыр. Еліміздің саяси сараланауы да, әлеуметтік ахуалының артуы да, экономикасының дамуы да осы парасатты пайымға тұрақты негізделіп келеді. Соның арқасында қазір Қазақстан әлемдік саясатта өзіндік орны бар мемлекетке айналды. Атақты ақынымыз Жұбан Молдағалиевтың сөзімен айтқанда, «мың өліп, мың тірілген» қазақты, қазақ елін дүниежүзі таныды.

Қазіргі еліміздегі 30-дан астам ұлттық, мемлекеттік және кәсіптік мерекелер ішінде тәуелсіздіктен қасиетті ұлық ұғым да, мәртебелі мереке де жоқ, болмайды да. Өйткені елімізге өз территориясында өкіметтік билікті, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес өзі белгілейтін, өзі жүргізетін саяси құқыққа ие болу осы тәуелсіздіктің арқасында ғана мүмкін болды. Сол себепті бүгін осы бір «тәуелсіздік» атты қасиетті ұғым бәріміздің жиі айтатын сөзімізге айналды.

Біз сауаттымыз да, білімдіміз де. Оған да сөз жоқ. Алайда біздің біліміміз бен ғылымымыз әр кезде адамгершіліктің, арлылық пен мінезділіктің тікелей көрсеткіші бола алды ма? Сондай-ақ кешегі тәуелсіздіктің отыз жылында қоғамымызға енген нарықтық экономиканы, Алаш жетекшілері айтқандай, өзіміздің тарихи, ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып қабылдап, оның қайшылықты қырына өзіміздің имандылығымызды, ақыл-парасатымызды қарсы қоя алдық па?

Бұларға толық «иә» деп жауап бере алмаймыз. Өйткені кешегі тәуелсіздіктің отыз жылында биліктегі не соның маңайында жүрген, талай оқуды тауысқан, тіпті арасында ғалымдар да бар 162 тұлға ел мүддесі, халық қамы дегенді екінші қатарға ығыстырып, мемлекетіміздің жарты байлығына ие болды. Білім, адал еңбек далада қалып, жеке қабілет баюға жұмсалды. Бұл жағдайдың ең жаманы қоғамымызда бұл бағытқа қатаң талап қойылса да, оның көріністерінің әлі де бой көрсетуінің жалғасып келе жатқанында болып отыр.

Адам, оның жеке асыл қасиеттері туралы көп толғанған, қазақ қоғамын келешек ғасырларға қызмет етуге жетелеген хакім Абайдың мол мұрасының бүгінгі тәуелсіз елімізді тұғырлы етуде маңызы шексіз. Осы бағытта Абай академиясын ашып, рухани һәм тарихи құндылықтарымызды сонау әл-Фарабиден бастап Алаш ардақтыларының ұлы мұраларын кеңінен зерделеуге, терең де жан-жақты насихаттауға, оларды рухани азық етуге бет бұрсақ, ұтарымыздың көп боларына сөз жоқ.

Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылымдар
докторы, профессор

САРЫАРҚАНЫҢ САҢЛАҒЫ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

ҚАЛАМГЕР ҚАДІРІ

Торғайдың Тосын құмынан шығып, қосын әдебиет ауылына тіккен арқалы ақын, драматург, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Тұрғынбекұлы өлең өлкесі мен театр төрінен шырайлы шығармаларымен өз орнын ойып тұрып алды. Астана Алатаудан Арқаға ауысқанда, Есілге қарай бет түзеген көштің алдыңғы легінен көрінген ақынның елорда тұрғыны атанғанына отыз жылға жуықтады. Басылымымыздың бүгінгі нөмірінен бастап «Сарыарқаның саңлағы» атты жаңа айдар ашып отырмыз. Соны бас қаланың байырғы тұрғынына айналған Серік ақыннан бастауды жөн көрдік.



Бұл жерде ақынның шығармашылығына баға бергелі тұрған жоқпыз. Серік Тұрғынбекұлы тиісті бағаны қаламдас, қанаттас аға-інілерінен баяғыда алып қойған. Мәселен, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың: «Серік өлеңдері арындап алып та қашпайтын, бір орында тапжылмай тұра да бермейтін, бойында қаны бар байыпты, байсалды жырлар. Ол бойындағы дарынын шашпай-төкпей, асықпай, аптықпай жаймен, ақылмен жырлауға ұмтылады» дегені бар.

Ал әдебиетіміздің алыбы Әбіш Кекілбайұлы «Кейкі батыр» дастаны жайында «Қазақ өлеңінің жалында құйындай ойнайтын шабандоз ақын Серік Тұрғынбекұлы бұл дастанында су шайқалмас жорғадай төгіліп-ақ бағыпты. Күллі ұлт болып өз тарихымызды саралап жатқан рухани ізденіске өрелі үлес қосқан талантты суреткерге риза болмасқа хақыңыз жоқ» деп жазды. Осы бағалаулардың өзі Серік Тұрғынбекұлы жырлары жүректі қозғайтын лирик әрі құлашы кең эпик ақын екендігінен хабар береді.

Өз басымызға ақынның шығармашылығымен қатар адамдық, азаматтық келбеті қымбат. Аңқылдаған, ақ жүрек қалпымен жан-жағына шуағын шашатын суреткер болмысын майда, жылы лебімен қардың көбесін сөгетін алтын күрекке ұқсатамыз. Бұл тұрғыдан алғанда, күнтізбе бойынша көктемнің алғашқы күні дүние есігін ашқаны тегін емес. Серік ақынды танып, араласа бастағанымызға он бес жылға жуықтады. Содан бері ол осы қалпынан бірде-бір рет айнымады.

Ақынның «Астана ақшамы» газетімен байланысы ежелден бар. Шығармашылығымен бұрыннан таныс болсақ, осы басылымға қызметке келгелі адами қалпы, азаматтық келбетіне тәнті болып келе жатырмыз. Серік ақын – берген уәдесіне берік жан. Бұған осы Ақмоланың тумасы, Кеңес Одағының екі мәрте Батыры Талғат Бигелдинов қайтыс болғанда көз жеткіздік. Қаралы хабарды ести сала, Серік ақынға қоштасу жырын газетке жазып берсеңіз деп қолқа салғанбыз. Бұл кешкі уақыт еді. Ақын «Таңертең хабарлас, өлең дайын болады» деп жауап берді. Айтқандай, «Биіктік туралы баллада» атты тамаша өлеңін қолымызға тигізді. Шығарма сол қалпы газетке басылды.

Серік ақын – дос дегенде жаны бөлек соғатын достыққа адал азамат. Бір жылы досы, құрдасы, белгілі ақын Шөмішбай Сариев Мемлекеттік сыйлық додасына түсті. Сонда басылымызға «Шөмішбайдың шабысы мен табысы» атты қолдау мақаласын берді. Өлеңге ғана емес, қара сөзге де жүйрік болса да, осы мақаласына асқан жауапкершілікпен қарап, редакцияда отырып, дайын дүниесіне толғаныс үстінде қайта-қайта өзгеріс енгізді. Соны көріп, Шөмішбай ақынмен өте жақын екенін білдік. Досы 70 жасқа толғанда «Бір шың бар «Шөмішбай» деп аталатын» деп жырлап, мерейін көтерді. Ал дүниеден өткенде «Аққулары Аралдың шулап жатыр» деп қайғырды.

Мемлекеттік сыйлық демекші, Серік Тұрғынбекұлы – осы сыйлыққа лайық ақындардың бірі ғана емес, бірегейі. Денсаулығына байланысты кейінгі жылдары жыр жинақтары жарық көрмеді десек те, «Таңдамалы өлеңдер» кітабын шығарып ұсынса, жоғары атақты алуы тиіс деп ойлаймыз.

Алайда осы жылдары өлеңдері жазылмады емес. Тұғырлы тұлғалардың мерейтойлары, елдің рухын көтеретін іс-шараларға жыр тілінде үн қатты. Төрт жыл бұрын елордада тамыздың тамылжыған күнінің бірінде көрнекті мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшеневтің ескерткіші ашылды. Серік ақын ауырып жүрсе де, қуанышты оқиғаның басынан табылды. Оған қатысып қана қоймай, «Тәшенев туралы толғау» атты өлеңін арнады. Бұл өлеңді салтанатты іс-шара туралы газетке хабар бергенде тұздық ретінде пайдаландық.

Қазақ әдебиетінің классигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері Әкім Таразидің тоқсан жас мерейтойына шашу ретінде Серік ақын «Әкім туралы жыр» арнауын ұсынды. Бұл мысалдардан алдыңғы буын ағаларға деген ақынның құрметі байқалады. Бүгінгі «болдым, толдым» дейтін, алдағыны менсінбейтін кейбір қаламгерлерде жоқ осы қасиет Серік ақынның бойынан молынан табылады.

Серік Тұрғынбекұлының жастарға да қамқорлығы ерекше. Бірнеше жыл бұрын редакциямызға №81 Astana English School мамандандырылған гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімін деп өзін таныстырған Аягөз Сыдық деген қыз баланы ертіп алып келді. Сонда ақын «Аягөздің өлеңдерін газетке бассаңыздар» деп өтініш айтты. Әлі піспеген, шикі өлеңдер болған соң баса алмадық. Басқа біреу болса, «Неге баспайсыңдар?» деп айқай-шу шығарып, өкпесін айтар ма еді. Серік ақын өйткен жоқ, талғамымызбен келісті. Бұл мысал ақынның мәдениеттілігінен хабар береді.

Кейінгі ширек ғасырдан астам уақытта Серік ақынның шығармашылығы Астанамен астасып жатыр. Иә, оның жырына арқау болатын айшықты тақырыптарының бірі – Астана. Астананың 15 жылдығына орай ұйымдастырылған «Жарқыра, жайна, Астана!» атты мүшәйраның бас бәйгесін иеленгені де бар. Ақын өлеңдері мен дастандары ұлттық рухтың жаңғыруына қызмет етті. Кешегі қатпарлы тарихты да, бүгінгі өмірді де шаршамай, талмай жырлады. Мәселен, «Кенесарының Ақмоланы алуы» атты дастаны Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған мүшәйрадан бас жүлдені жеңіп алды. Ертеректе «Салынып жатыр Астана» атты репортаж өлең де жазды. Елорда жайлы басқа да өлеңдері баршылық. Осында Қалибек Қуанышбаев театрының әдебиет бөлімін, Сәкен Сейфуллин музейін басқарды. Қаламынан туған «Мұқағали», «Шәмші» секілді спектакльдері бас қала театрларында жүруде. Мұнымен айтпағымыз, Серік Тұрғынбекұлының елордаға еңбегі сіңудей-ақ сіңді. Ақынға Астана қаласының Құрметті азаматы атағы берілуі керек деп бірнеше жылдан бері айтып келеміз. Еленер түрі жоқ. Бұл атаққа тағы бір лайық адамның бірі көрнекті ақын Несіпбек Айтұлы еді. Ол өмірден өтіп кетті. Ортамызда Алдан Смайыл мен Серік Тұрғынбекұлы аман-есен жүр. Билік Қадыр (Мырза Әлі) ақынның сөзіне құлақ асар болса, талантты тірісінде бағалау керек. Түптің түбінде бұл мәселе қаламгерді қадірлеу, құрметтеу дегенге тіреледі.

№100 (4844) 26/08/2025 Сейсенбі





АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ...

Бас қаланың Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектебінде ұлы ақынның 180 жылдығына орай «Абайды білмек – парыз ойлы жасқа» атты республикалық «Абай оқулары» байқауының жеңімпаздарымен сыр сұхбат ұйымдастырылды.

Шапағат ӘБДІР

Аталған іс-шара – қазақ халқының дана ойшылы, кемеңгер ақыны Абай Құнанбайұлының рухани мұрасын насихаттап, жас ұрпақтың ой-санасын оятуға бағытталған.

Кездесуге танымал жазушылар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, белгілі қоғам қайраткерлері мен әр жылдардағы «Абай оқулары» байқауының жеңімпаздары қатысты.

Іс-шараны ұйымдастырушы, белгілі абайтанушы, ҚР Жазушылар одағының мүшесі Алмақан Мұқаметқалиқызы Абайдың рухани мұрасын бүгінгі ұрпаққа жеткізудің маңызына тоқталып, Абайды адамзаттық деңгейде насихаттау керек екендігін атап өтті.

– Абай – қазақ халқының бойтұмары. Ол – тек қазақ жұртының ғана емес, күллі адамзат баласының ортақ рухани қазынасы. Бүгінгі іс-шараның басты мақсаты – Абай мұрасын тереңнен тануға жол ашу, сонымен қатар республикалық «Абай оқулары» байқауының тарихына үңілу. Аталған байқау алғаш рет 1996 жылы бастау алған болатын. Енді, міне, келер жылы бұл байқауға 30 жыл толғалы отыр. Осы жылдар аралығында талай талапты жас Абай шығармашылығымен сусындап, өзінің шығармашылық жолына алғашқы қадамдарын осы байқаудан бастаған еді. Бүгінгі кездесуге шақырылған қонақтар да – кезінде осы «Абай оқулары» байқауының жеңімпаздары атанған, ал бүгінде елге танымал тұлғаларға айналған азаматтар. Адам – адамнан тәлім алады, жақсы қасиетті бойға сіңіреді. Осындай жүздесу, пікір алмасу арқылы жастар Абайды одан әрі тереңірек танып, үлкен ойға бойлайды. Сондықтан да осындай рухани кештерді жиі өткізіп тұру – парызымыз, – деді Алмақан Мұхаметқалиқызы.

Кеш барысында Абайдың сырлы әндері шырқалып, өлеңдері мәнерлеп оқылды. Жеңімпаздар өздерінің Абай шығармашылығына деген сүйіспеншілігін жеткізіп, ақынның ой-толғамдары мен адамгершілік жайлы тұжырымдарын қазіргі заманмен сабақтастырып, өз көзқарастарымен бөлісті.

ДӘСТҮР МЕН ЗАМАНАУИ ӨНЕРДІ ТОҒЫСТЫРДЫ

Демалыс күндері елордада сән, музыка және өнерді біріктірген Nomad Fest мәдени фестивалі өтті.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, Nomad Fest – дәстүр мен заманауи өнерді тоғыстыратын жаңа мәдени алаң. Оның басты мақсаты – ұлттық құндылықтарды дәріптеп қана қоймай, жастардың шығармашылық әлеуетін ашуға, оларды өнер мен мәдениетке баулуға ықпал ету.

Екі күн бойы қала тұрғындары мен қонақтары ұлттық дәстүр мен заманауи өнер ұштасқан мазмұнды бағдарламаға куә болды. Фестиваль аясында отандық дизайнерлердің сән көрсетілімі ұйымдастырылып, GlobalNomads, Adili, Urpaq сынды брендтер өз коллекцияларын көпшілік назарына ұсынды. Ұлттық киноны дәріптеген ашық аспан астындағы «Жау жүрек мың бала» кинокөрсетілімінде белгілі актерлер Алтынай Нөгербек пен Тілектес Мейрамов көрермен мен өнердің арасын жалғаған рухани көпірге айналды. Бұған қоса, шеберлік аймақтарында келушілерге ұлттық дәстүрге негізделген шаш өру өнері мен табиғи материалдардан қолөнер бұйымдарын әзірлеудің қыр-сыры үйретілді.



2500 АДАМ ЖҮГІРДІ

Конституция күніне орай елорданың Алматы ауданындағы Триатлон саябағында жеңіл атлетикалық жүгіріс өтті. Almaty run атауымен өткен іс-шараға 2500 адам қатысты.



Астана қаласы әкімдігінің Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы басшысының орынбасары Ержігіт Өсербайдың айтуынша, бас қала тұрғындары үшін Триатлон, Ботаникалық саябақтар жүгіретін алаң ретінде қалыптасып қалды. Көпшілік жөндеуден өткен жаңа жүгіріс жолақтарында бақ сынағысы келді. Дәл осы жүгірістің жарнамасы кең тарап, Алматы қаласының тұрғындары да хабарласып, Алматының қай жерінде өтетінін сұрады. Сондықтан аталмыш іс-шара республикалық марафондардан еш қалыспады.

Қатысушылар 5 және 10 шақырым қашықтықты жүгіріп өтті. Бұл іс-шарадан мегаполистегі танымал фитнес клубтар да тыс қалмай, көңілді өтуіне ат салысты. «Таза Қазақстан» акциясының символына айналған Тазабек те барша қатысушылармен суретке түсіп, айналаны таза сақтауды насихаттады.

«Жаңа оқу маусымының басталуына бір апта ғана уақыт қалды. Осы орайда бүгінгі спорттық мерекеде оқу орнымдағы таныс біршама адамдарды байқап үлгердім. Дәл осындай салауатты өмір салтын насихаттайтын іс-шарада оларды көргеніме қуаныштымын» деді 5 шақырымға жүгірген қатысушы Жансая Анарова.

ЖАЙДАРМАН ЖАРЫСЫ

Елордадағы Е. Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония сахнасында «Jaidarman. Maman cup» республикалық арнайы жобасы қорытындыланды. Іс-шараға Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен қатысты.



Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен өткен жоба Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына және Жұмысшы мамандықтар жылына арналды. Турнир елорда жастарын ғана емес, еліміздің басқа да аймақтарынан келген, тіпті Өзбекстан елінен келген командаларды жинады.

«Жастардың тапқыр әзілдерінен бөлек, олар қоғам үшін маңызды құндылық – еңбек мамандықтарының мәнін айшықтап көрсетті. Командаларға күлкі мен эмоцияға толы кеш үшін рақмет» деді өз сөзінде Есет Байкен.

Тартысты ойын нәтижесінде бірінші орынды Қарағанды қаласының «Шахтерлер» командасы (1 млн теңге) иеленді. Екінші орынды «Sweet» және «ҚТЖ» (500 мың теңге) командалары, үшінші орынды «Эверест», «Шум балалар», «Абибас» (300 мың теңге) бөлісті.


БАСКЕТБОЛ БӘСЕКЕСІ

Астанада Олимпиада бағдарламасына енгізілген 3х3 баскетболдан дәстүрлі бәсеке ұйымдастырылды.

Жастарға жақын таныс «Самал» шағын ауданындағы ойын алаңы тартысқа толы болып, жарқын эмоциялар сыйлады. Осында баскетбол 3х3-тен U14, U16, U18 санаттары бойынша және ересектер арасында жеңімпаздар анықталды.

«Дәл қазіргі сәтте жастардың арасында дәл осы көше баскетболы танымалдылыққа ие. Сұраныс болғандықтан, бұл спорт түрінен бәсекені өткізуді жөн көрдік. Нәтижесінде барлық жас санаты бойынша 75 команда жиналды. Бұл жерде ұлдармен қатар, қыздар арасында да жүлдегерлердің есімі белгілі болды» деді Астана қаласы мәслихатының депутаты Арсланбек Мағзұм.

Жарыс соңында жүлдегерлер арнайы кубок пен естелік сыйлықтармен марапатталды.



www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №100
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Шапағат ӘБДІР**

ASTANA AQSHAMY